

## **"Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнын құру туралы Келісім және "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Контракт туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 21 сәуір 1995 ж. N 532

"Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнын құру, әрі оның қызметі туралы Келісімнің шартын және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнының арасындағы Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарындағы Тұлпар блоктары үшін көмірсутегін барлау мен өндіруге арналған Контрактінің шартын мақұлдайтын Қазақстан Республикасы Президентінің "Мұнай операциялары туралы" 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1662 U941662\_ Жарлығы мен "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2206 U952206\_ Жарлығын орындау үшін және Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарындағы Тұлпар блоктарында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге, көмірсутегін әзірлеу мен өндіруге құқық беретін Қазақстан Республикасының Үкіметі "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнына берген 1995 жылғы 17 сәуірдегі МГ сериясы N 238 (мұнай) Лицензия негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Ақтөбемұнай" акционерлік компаниясы, "Тұлпар" және "Поиск" мемлекеттік холдинг компаниялары мен оның қызметіне "Мобил Корпорациясы" кепілдік беретін "Мобил Ойл Тұлпар Инк" компаниясы арасындағы 1995 жылғы 17 сәуірдегі "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнын құру және оның қызметі туралы Келісім мақұлданын.
2. "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы көмірсутегін барлауға және өндіруге арналған Контракт (мұнан әрі Контракт) мақұлданын.
3. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, Батыс Қазақстан мен Ақтөбе облыстарының әкімдері "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнын заңда белгіленген тәртіппен жасалған Контракт шеңберіндегі барлық қажетті лицензиялармен, рұқсаттармен қамтамасыз етсін, сондай-ақ бірлескен кәсіпорынның қызметіне байланысты мәселелердің шешілуіне жәрдем көрсетсін.
4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті көмірсутегін экспорттау және бірлескен кәсіпорынның қызметіне байланысты мүлікті әкелу мен әкету Контрактінің шарттарына сәйкес "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорны құқықтарының сақталуын қамтамасыз етсін.
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен

кәсіпорнына осы бірлескен кәсіпорынға Амстердам қаласындағы АБН АМРО Банк, Н.В.- де валюталық банк есепшотын ашуға және жүргізуге (немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен корреспонденттік қатынастағы әрі Халықаралық қаржы қоғамдастығы ретінде жалпы көпшілік мойындаған беделі бар қаржы рейтинг ұйымы белгіленген "А" немесе одан да жоғары рейтингке, яки соның баламасына ие кез келген басқа бірлескен кәсіпорын тағайындаған банк мекемесінде лицензия (рұқсат) беру, сондай-ақ Контрактінің шарттарына сәйкес валюталық операциялар жүргізуге жеңілдіктер беру ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Тұлпар-Мұнай ЛТД" бірлескен кәсіпорнының геологиялық барлау жұмыстарын, көмірсутегін әзірлеу мен өндіруді жүргізу барысында Контракті шартының орындалуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі